

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 37 (832) 8 қазан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ҰСТАЗ – РУХЫ ТАЗА, ОЙ-ӨРІСІ БИІК ТҰЛҒА



Бауыржан Момышұлы: « Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді», - дегеніндей, ертеңгі ел тұтқасы болатын жас буынды тәрбиелеу

міндеті бүгінгі ұстаздар қауымының мойнында. Мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Қиын да маңызды міндеттерді жүзеге асыра алатын, тек ұлағатты ұстаз. Мұғалім – басқа сала мамандықтарына қарағанда, ең қиын, ең ізгілікті мамандықтардың бірі. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған, сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Осы ұстаздар күніне арналған мерекелік іс – шара қаладағы №5 орта мектебінде өтті. Аудан әкімі Р.Ә.Аңбаев мерекелік жиын барысында ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, аудан көлеміндегі ұстаздар қауымына жас ұрпақты тәрбиелеуде жаңа ізденістер мен жақсы жетістіктер тіледі. Бұл күні бірқатар ұстаздардың еңбектері бағаланып, жоғары марапаттарға ие болды.

Ардақты Ұстаздар! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша маңы»

Жұмағали Жартайұлы — «ЖОМАРТ ЖҮРЕК»

облыстық байқауының жеңімпазы



«Агроном-Тайынша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Жұмағали Жартайұлы Ғабдуллин «Жомарт жүрек» облыстық байқауының жеңімпазы атанды.

«Ең алғашқыда бауырларыммен кішігірім шаруа қожалығын ұйымдастырып, еңбек жолын енді бастаған кезде иелігімізде 90 гектар жер болатын. Бүгінгі таңда 7 мың гектар алқабымыз бар. Бұл жер менің Отаным, өйткені дәл осы жерде менің туған-туыс, дос-жарандарым өмір сүреді», — дейді Жұмағали Жартайұлы. Ауыл тұрғындары да қолайлы әлеуметтік жағдай болғанда жақсы өмір сүретіні анық. Осы ретте Жұмағали Ғабдуллин мұқтаж ауыл азаматтарына үнемі көмек көрсетіп тұрады.

Сондай-ақ ауылдықтардың аудан орталығына қатынауы үшін 10 жылдан астам уақыттың көлемінде Ильич-Тайынша бағытында жолаушыларды тасымалдайтын автобус жұмысын ұйымдастырған да осы қайырымды жан. Ауылдағы білім беру ұйымы да меценаттың назарынан тыс қалған емес. Алдағы уақытта мектепте күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Шынымен де, егін саласы маусымдық тіршілік көзі екенін ескерсек, шаруашылықтың жұмысын бір қалыпқа келтіруге көп уақыт керек. Шаруашылықтағы жұмысың алға басса, әрине басқаға қол ұшын беретінің сөзсіз. Шаруашылық басшысы Ж.Ж.Ғабдуллин газет тілшілеріне берген сұхбатында: - Қазіргі уақытта шаруашылықтың жұмысын ширату, еңбек өнімділігін арттыру техника күшіне тәуелді. Осы орайда тәулік бойы тынымсыз еңбек атқарып жүрген механизаторларыма алғысым шексіз. Менің жалпы әріптестеріме айтарым, Жер-Ана адамзат баласына ортақ. Жерді баптап, күте білсең, өнімін ешқашан аямайды. Жер барлығымызға жетеді, тек санға емес, сапаға көңіл болуіміз керек,-дейді облыстық «Жомарт жүрек» байқауының жеңімпазы. Иә, шынымен де ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін заман жоқ. Бұл – іскер, интеллектуал, еңбеккер адамдардың заманы және сенің ұрпағыңды, халқыңды ойлайтын кезең. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз сияқты азаматтарымыз бар болса, ауылдар ешқашан құрымайды, ырыс-берекеге толы даламыз иесіз қалмайды. Ауасы жұпар, тынысы кең ауылдарымыздың жағдайын жасап, туған елдің абыройын асырар азаматтар көп болсын. Жұмағали Жартайұлы! Мемлекеттік марапатыңыз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ.



ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Қалыптасқан көпжылдық дәстүр бойынша 1 қазан мен 1 қараша аралығында өңірде қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы өтуде.

Айлық қарсаңында Сіздерге облыс тұрғындарының аға буын өкілдері мен мүгедектерге қолдау көрсету бойынша қайырымдылық акцияларына қатысу дәстүрін қолдау, бүкіл өмірін еліміздің болашағы үшін еңбекке арнаған адамдарға құрмет көрсету туралы өтініш білдіреміз.

Біздің қарттарға, қарт адамдарға қамқорлық жасау-бұл бір минутқа ұмытылмайтын нәрсе. Біздің ортақ парызымыз - олардың тыныш кәрілігін және кепілді әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Қарттар күні оларға барынша көңіл бөліп, қамқорлық көрсету.

Сіздерге алдын ала алғыс айтамыз және Қарттар мен мүгедектерді қолдаудың бүкілхалықтық акциясына сіздердің белсенді қатысуларыңызға үміттенеміз!

Ұйымдастыру комитеті

* * * * *

9 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОШТА КҮНІ



Еліміздегі бірден – бір жетекші байланыс операторы болып табылатын «Қазпошта» АҚ халыққа ерекше қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда Тайынша Пошта байланыс торабы аудан бойынша- жиырма бес пошта бөлімшелерінде жүз қырық қызметкер халыққа міндетті пошта қызметін көрсетеді. Қыстың суық, боранды күндері мен жазғы жауын-шашында да пошта қызметкерлері жұмысын тоқтатқан емес. Үйді-үйге жүріп, халықтың алғысына бөленген хат-хабар тарататын пошташы қызметкерлердің қатарында отбасында аяулы ана, немерелерінің ақылшы әжесі, он жыл еңбек өтілі бар-Касенова Сания Қабдөшқызы және Леонидовка ауылындағы Пошта байланыс торабының басшысы Лидия Порубенская да бар. Олар өз жұмыстарына тиянақты, халықпен ерекше тіл табыса алатын пошта қызметкерлері. Мерекелеріңіз құтты болсын, пошта қызметкерлері!



2021 жылғы қазанда аудандық мәслихаттың хатшысымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдау жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Алпысов Ерлан Сапарбекұлы — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	27 қазан
2	Мұхамедқалиева Айгүл Ботақызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	11 қазан
3	Трифонов Николай Николаевич — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	12 қазан
4	Жақыпов Данияр Келденбекұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	13 қазан
5	Ысқақова Диана Еслямбекқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	14 қазан
6	Мергасимов Бауыржан Маратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	15 қазан
7	Рудницкий Виктор Иванович — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	18 қазан
8	Кершис Александр Владимирович — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	19 қазан
9	Қожахметова Әсемгүл Әділханқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Многоцветный негізгі мектебі» КММ-нің мұғалімі	21 қазан
10	Латиф Батес — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	22 қазан
11	Әбдірахманова Айгүл Бағдатқызы — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	25 қазан
12	Егімбаев Руслан Елшібайұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	26 қазан
13	Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	29 қазан

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы — 22047.

* * * * *

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

1.	«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	22-9-81
2.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	21-4-70
3.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	22-1-69
4.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	22-6-97
5.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	79-0-47
6.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	23-4-18
7.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ	23-8-76
8.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ	23-6-31
9.	«СҚО Тайынша ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» ММ	22-5-37
10.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	23-5-09
11.	«СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	21-7-45
12.	«Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	76-7-85
13.	«Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	75-1-97
14.	«Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-6-71
15.	«Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-5-25
16.	«Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	74-2-35
17.	«Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	55-3-33
18.	«Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-3-73
19.	«Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	51-2-03
20.	«Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	32-1-48
21.	«Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	54-2-17
22.	«Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	52-3-10
23.	«Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	79-0-22
24.	«Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	53-7-48
25.	«Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	42-0-01
26.	«Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	77-1-18
27.	«Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	38-2-40
28.	«Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	70-2-75
29.	Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	73-3-94
30.	«Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	22-8-05

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2021 жылдың 4 тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Досмұқанов Бейбіт Сырымбетұлы	Абай ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қарағаш а.	76-7-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қалиақпаров Ертай Өтепұлы	Алабота ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аққұдық а.	75-1-97
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сағындықов Болат Қуандықұлы	Амандық ауылдық округі әкімінің м.а.	Сейсенбі, бейсенбі 16.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық а.	43-6-68
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жүсіпов Талғат Абзалұлы	Большеизюм ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, Сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большой Изюм а.	32-5-25
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Кахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы	Донецк ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое а.	74-2-35
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы	Драгомиров ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ Жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомировка а.	55-3-33
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Мұстаханов Нұрлан Сәрсенғалиұлы	Зеленогай ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленый Гай а.	77-3-73
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Илиясов Досымжан Сұлтанбекұлы	Келлер ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка а.	79-0-87
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ищанов Кайыргелді Танатарұлы	Кирово ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово а.	32-3-13
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жомартов Талғат Базарбайұлы	Краснополян ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Красная Поляна а.	54-2-17
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Руденко Дмитрий Владимирович	Летовочный ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, Бейсенбі 15.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочное а.	52-3-10
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ысқақов Кемел Оралбайұлы	Мироновка ауылдық округі әкімінің м.а.	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка а.	79-0-22
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ғалиев Абылайхан Файызрахманұлы	Роцинск ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Роцинское а.	53-7-48
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қасқұлақов Ержан Қайыржанұлы	Теңдік ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік а.	42-0-01
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Бәкіров Ерлан Мұхамбетұлы	Тихоокеан ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеанское а.	77-1-88
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жетібаев Әскер Шайхисламұлы	Чермошнян ауылдық округінің әкімі	Сәрсенбі, жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнянка а.	38-4-60
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы	Чкалов ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалово а.	70-2-75
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы	Яснополян ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Ясная Поляна а.	73-3-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Шлаковский қаласы әкімінің аппараты» КММ	Шлаковский Валерий Анатольевич	Тайынша қаласының әкімі	Дүйсенбі, жұма 14.30-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2	22-6-05
	Бөкенов Жаслан Баймұратұлы	Қала әкімінің орынбасары	Сейсенбі, бейсенбі 14.30-18.00 сағ		22-8-05

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы жергілікті атқарушы органдары басшыларының 2021 жылдың 4 тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	Хамзина Айгүл Ермекбайқызы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	21-4-70
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	Есенбаев Асқар Серікұлы	Бөлім басшысының орынбасары	Сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	21-4-70
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	Жұмабаев Ержан Төлегенұлы	Бөлім басшысы	Сейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	22-1-69
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	Бұра Андрей Николаевич	Бөлім басшысы	Жұма 10.00-13.00 сағ 14.30-16.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	22-1-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	Нероба Ольга Густавовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 203	21-0-22
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	Тәшетова Баян Маратқызы	Бөлім басшысының орынбасары	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	79-0-47
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	Голубь Наталья Викторовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ сәрсенбі 10.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	23-4-18
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ	Лыскин Андрей Сергеевич	Бөлім басшысының м.а.	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 174	23-8-76
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ	Сағындықова Гүлмира Бәкібайқызы	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 14.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Пролетар көшесі, 193	23-7-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» ММ	Темірбеков Берік Алғалиұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 16.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 174	22-5-37
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	Сәрсембаев Бекболат Әкімбаевұлы	Бөлім басшысы	Сейсенбі 09.00-13.00 сағ Сәрсенбі 14.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	23-5-09
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	Жәкенова Айнагүл Сағатқызы	Бөлім басшысының орынбасары	Сейсенбі 14.00-18.00 сағ. Сәрсенбі 09.00-13.00 сағ.	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	21-6-43
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	Сабырова Гүлмира Сатыбалдықызы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 10.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2	73-0-43

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Елімізде тәуелсіздік таңы атқаннан кейінгі жылдарда қолымыз жеткен ең үлкен жетістігіміздің бірі – сырттағы ағайындардың елге оралуы.

Саясаттың арқасында елге – ел қосылып ортамыз толды. Ол ағайындарымыз басқа елде өмір сүріп жатса да, қазақтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен тілін, тарихи құндылықтарын сақтай білді.

Тәуелсіз елімізге көшіп келіп, елдегі қалың қазақ халқымен бір ортада тоғысып, бірегей ұлтқа айналды. Бір тағдырмен, бір болашақпен, бір тудың астында бірге өмір сүру – шетелдегі этникалық қазақтардың ортақ арманы болса, ол – орындалды!

ҰЛТТЫҚ НАМЫСЫ ЗОР АЗАМАТ

Адам баласының тіршілік жолы тарау-тарау. Тағдырдың жазуымен, өмірдің ағымымен күндер өтіп жатыр. Біреулер өмірден өз орнын сабырлы мінезімен, тыңғылықты еңбегімен, жүрген жеріндегі абырой-атағымен тауып жатады, ал, енді біреулер өмір жолында ерекше бір ірі тұлға болып қалыптасады. Ал, біздің бүгінгі кейіпкеріміз-Серік Әнбияұлы болса, осы адами қасиеттердің екеуіне де лайықты азамат. Табиғатынан сабырлы, ұлттық намысы зор, көбінесе ой үстінде жүріп, қазақтың қара сөзіне, ән мен күмбірлеген күйге жан-тәнімен беріліп сүйетін, қазақы қонақжай адам. Сонау Қытай елінің тумасы бола тұра, қазақ жеріне асыға жетіп, көп жылғы ата-анасы, тіпті жеті атасы аңсаған арманға жеткен бақытты жан десек артық емес.

Серік Әнбияұлы 1961 жылы 3 қазанда ҚХР, Мұңғылкүре ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1967-1977 жылдары Шаты ауылында орта мектепті тәмамдаған. 1980 жылы емтиханды үздік бітіріп, Өртеке ауданы, «Қаракөл» орман алаңының сақшы бөлімшесінде еңбек жолын бастаған. 1986-1988 жылдары Іле облыстық Партия мектебінің кадрларды жетілдіру курсына қатысып, қызыл дипломмен аяқтаған. Заң саласында қызмет істей жүріп, мәдениет пен руханиятқа да зор үлес қосқан. 1993 жылы Мәдениет үйінің бұқаралық мәдениет саласында жауапты маман қызметін атқарады. «Мұрагер» ансамблін құрып, фольклор зерттеу, жинау жұмыстарына атсалысқан. 1997 жылы ҚХР-ның «Мәдениет қайраткері» атағының иегері, ал 2001 жылы облыстық мәдениет басқармасының «Даңқ кәуәлігімен» марапатталды. Ол ақындықпен қатар сазгерлікті серік етіп, «Ағын», «Өртеке», «Сағыныш», «Қанатсыз балапан», «Керуен», «Ағаға аза», «Белес» қатарлы оннан аса күй мен «Шоферға», «Таңжарық», «Астана», «Аякөз», «Жаңадәуір», «Қызылжар», «Көкшетау», «Ұмытпа», «Қызғалдағым», «Құлжа



кеші», «Мекенім», «Адасқан аққу» сынды жиырмаға жуық әннің авторы. Сонымен қатар, айтыс тұрасында жазған көптеген толғамды мақалалары мен зерттеулері басылымдарда жарияланған. Бірнеше рет үлкен сахналарда ақындар айтысына қатынасып, жеңімпаз атанды. Ол 2003 жылы атажұртқа оралды.

Міне, сол бір қазақ жеріне жеткен күннен бастап, өзінің енді қазақ елінің азаматы екенін мақтанышпен айтып, «Мен бақытты жанмын, ата-бабамның аңсаған арманы орындалды», - деп ерекше тебіреніспен айтқан сөздерінің куәсі болдық. Елге оралған уақыттан 2016 жылға дейін Талдықорған өңірінде өмір сүрді. Екі қолға бір жұмыс, - деген қағиданы мықты ұстанған ол қай еңбек саласында жүрсе де өзін жақсы жағынан көрсетеді. Негізінде, әсіресе, мал шаруашылығына ерекше көңіл бөліп, жеке шаруа ретінде еңбек атқарады. Ал, Тайынша өңіріне келген сәттен бастап, ауданымыздың Амандық ауылдық округіне қарасты Жаңадәуір елді-мекеніне қоныстанған күннен, біздің осы кейіпкеріміздің жаңа өмір белесі басталды дегуге болады. Кезінде үлкен ауыл болған, дегенмен, іргесі сөгілсе де құрып кетпеген қазақ ауылында бүгінгі таңда 20 отбасы түтін түтетіп отырған жайы бар. Ауылда алыстан елге оралған ағайындардың ішінде, Қытай жерінен көшіп келген 7 отбасы болса, солардың бірі – Серік Әнбияұлының отбасы. Бүгінгі таңда жайлы үйі, қора-қопсы, монша, басқа да жалпы жағдайын жасап алған Серік Әнбияұлының бағып отырған 40-қа тарта қара малы, 25-тен артық қой-ешкісі, жылқысы бар. Бұл жерде ауыз су мен малға деген су тапшылығы жоқ. Ауыл іші жолдары жөнделген. Арнайы барып, алыстан елге оралған ағайынның отбасына, газет тілшілері ат басын тіреп әңгімелесіп қайттық. Сол бір кездесу барысында көңіл толқытар тарихи әңгімелер мен қазақтың салт-дәстүрін, тілі мен діни ұғымдарын сақтай білген, ұлтына деген шынайы сезімін жоғалтпай, басқа елде туса да заты қазақ екенін ұмытпаған осынау азаматтың өмір белестері мен әрбір атқарған істерін ерекше бір ерлікке, батырлыққа балап қайттық. Шынымен де, шет жерде жүріп қазағымыздың салтын, әдет-ғұрпын сақтап, қазақтың қара домбырасын жоғары бағалап, өздеріне серік еткені, тіпті әр шаңырақтың төрінде сол қазақтың қара домбырасын іліп қойып қастерлегенін, неге ерлікке теңемеске! Мен білетін кейбір ұлты қазақ ағаларымыз, домбыраны құрметтемек түгіл, таза өз тілінде сөйлей де алмайды, қазақтың ән-жырына көңіл бөлмегені өз алдына, ұлттық салт-дәстүрді мүлдем білмейді де. Бұл – шындық!

Ал, енді осы отбасының өмір белесіне оралар болсақ, отбасы 1986 жылы құрылып, өмірге Жұлдыз, Ұшқын, және Аякөз келеді. Есейіп ер жетіп, бүгінгі таңда әрқайсысының өз отбасы, кәсібі бар. Ал, отанасы Сақыпжамал Әбілқақызы үй шаруасында болғанымен, негізгі мамандығы есепші. Бұл отанасының да биязы мінезі, сабырлы сөзі мен әдемі бір жанымен күлкісі өзіне ерекше бір сән беріп тұрады. Оң қолынан өнер тамған тігінші, ал дайындаған тағамдары, құрт-майы тіл үйірет дәмді екенін сол жердегі көпшілік қолдап отыр. Ойын-тойларда ән салып, көпшіліктің көңілін көтеруден де тайынбайды. Иә, елге ел қосылса – құт, - деген қазақтың нақыл сөзі тегін айтылмаса керек. Елге оралып, шаруасын дөңгелетіп, іргелі үй болып отырған ағайындарымыздың қайсысы болса да, ерекше ауыз толтырып айтарлықтай жағдайлары бар жандар.

Ал, сонда адамның адамнан артықшылығы жоқ десек те, біздің бүгінгі кейіпкеріміздің басқалардан өзгеше болып тұруының және көпшілікке үлгі ете отырып жариялауымыздың бір ғана себебі бар. Ол - оның поэзия әлемінде ойып орын алғандығы. Ақындығы өзінше бір зор әлем. Оны қай қырынан алып қарасақ та ұлттық, тіліміз, еліміз деген қарапайым сөздері өзгелерден басымырақ. Оның ән салуы, тарихи әңгімелері мен шындықты бетке айтуы - өз алдына кез келген мақтау мен марапатқа лайық жан екенін байқатады. Кезінде әкесі Әнбия Толықбайұлы да ақынжанды, қазақтың ән-жыры мен айтыстарына ерекше мән берген, өлең жазып, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа білген. Әкеден балаға мирас болып қалған отбасылық тәрбие, поэзияға ерекше көңіл бөлу осылайша жалғасуда. Олай дейтін себебіміз, кейінгі ұрпағы да өнер, білім, мәдениетке, шығармашылыққа өте жақын екенін балаларының әкесі, немерелерінің ақылшы атасы мақтанышпен бізге жеткізді. Сонымен қатар, Серік Әнбияұлы 60 жасқа жетіп, Абыз ата қазанның 3



жұлдызында мерейлі жасқа толды. Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Сіз, жоғары марапатқа лайық жансыз. Алдағы күндері ауданымыздың құрметті азаматтары қатарында боласыз деген үміттеміз. Ақын жанды шабытыңызға шабыт, шығармашылық табыстар тілейміз! Жақында жарық көрер «Текестен Теріскейге дейін» атты кітабыңыз да өз оқырмандарын табары сөзсіз.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тұайынша таңы»

БӘРІНЕН ҚЫМБАТ - ТӘУЕЛСІЗДІГІМ

Ырысың шалқып, бағың тасыған,
Достарың күліп, жауың жасыған.
Көкте желбіреп көк туың бүгін,
Күллі әлемге даңқыңды асырған.
Арымен келген, жанымен келген,
Аналарымыз зарымен келген.
Тәуелсіздігім бәрінен қымбат,
Бабаларымның қанымен келген.
Айбыны асқақ байтақ бай далам,
Өзіңде шаттық өмір қайнаған.
Тамсана қарап құт-берекеңе,
Көз тігіп отыр тұтас айналаң.
Еңсесі биік егемендігім,
Шаттыққа елді бөлеген бүгін.
Мақтанышпенен айтамыз ән ғып,
Көшбасшымыздың көрегендігім

СЕРІК ӘНБИЯҰЛЫ



Текестен
Теріскейге
дейін

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

2021 жылдың басынан бастап Солтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындарында еңбек қызметіне байланысты 24 жазатайым оқиға орын алды, онда 29 адам зардап шекті, 4 адам қаза тапты. Барлық жазатайым оқиғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес тергелді.

Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері:
- өндірістік жұмыстардың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы;

- жол қозғалысы ережелерін бұзу;
- жұмыстардың орындалуын бақылаудың жеткіліксіздігі;
- жәбірленушінің өрескел абайсыздығы;
- машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың конструктивтік кемшіліктері;- жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілмеуі;

Мәселен, жазатайым оқиғалардың 44%-ы жұмыс өндірісінің қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы, 17%-ы – зардап шеккендердің өрескел абайсыздығы; жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілмеуі – 17%, машиналардың, механизмдер мен жабдықтардың конструктивтік кемшіліктері – 8%, жұмыстардың орындалуын жеткіліксіз бақылау-8%, жол қозғалысы ережелерін бұзу-6% себебінен болды.Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 187-бабына сәйкес еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды дұрыс және уақтылы тергеп-тексеру мақсатында жұмыс беруші:

- зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетуді және қажет болған жағдайда оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру;

- тергеп-тексеру басталғанға дейін еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға орнындағы жағдайды (жабдықтар мен тетіктердің, Еңбек құралдарының жай-күйін), егер бұл басқа адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірмесе, ал өндірістік үдерістің үздіксіздігін бұзу апатқа әкеп соқпаса, оқиға болған сәттегідей түрде сақтауға, сондай-ақ жазатайым оқиға болған жерді фотосуретке түсіруге;

- жазатайым оқиға туралы зардап шегушінің жақын туыстарын дереу хабардар етуге және осы Кодексте, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хабарлама жіберуге;

- арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссия мүшелерін еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру үшін оқиға орнына жіберуге міндетті.Жұмыс беруші еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша бір тәулік ішінде дереу хабарлайды: - еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органдарға;

- қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне;

- жазатайым оқиға болған жердегі құқық қорғау органына және арнайы тергеп-тексеруге жататын жағдайларда өндірістік және ведомстволық бақылау мен қадағалаудың уәкілетті органдарына хабарлайды.

- техникалық есептеулерді орындау, зертханалық зерттеулер, сынақтар, басқа да сараптамалық жұмыстар жүргізу және осы мақсатта сарапшы мамандарды тарту;

- оқиға орнын және бүлінген объектілерді суретке түсіру, жоспарлар, эскиздер, схемалар жасау; - тексеру жүргізу үшін қажетті көлікті, қызметтік үй-жайды, байланыс құралдарын, арнайы киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын беру;

- ұсыну:- жұмыс орнының жай – күйін, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың бар-жоғын сипаттайтын құжаттарды (жоспарларды, эскиздерді, схемаларды, ал қажет болған кезде-оқиға орнының фото-және бейнематериалдарын және басқаларды);зертханалық зерттеулер мен эксперименттердің нәтижелері; -зардап шеккен адамның денсаулығына келтірілген зақымның сипаты мен ауырлық дәрежесі немесе оның қайтыс болу себебі туралы, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаңдық белгілерінің болуы (болмауы) туралы медициналық қорытынды;

- зардап шеккен адамға арнайы киім және басқа да жеке қорғану құралдарының берілгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

- осы өндірісте (объектінде) мемлекеттік еңбек инспекторлары мен аумақтық мемлекеттік қадағалау органының лауазымды адамдарының (егер еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға осы органның бақылауындағы ұйымда немесе объектінде болса) бұрын берілген нұсқамаларынан үзінді көшірмелер;

- комиссияның қарауы бойынша істі қарауға қатысы бар басқа да құжаттар.

Азат КӨШЕРБАЕВ,

СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасының Еңбек қауіпсіздігін бақылау және еңбекті қорғау бөлімінің басшысы.

2021 жылдың 4 тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т. А. Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефон
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Анбаев Руслан Әкімжанұлы	Аудан әкімі	әр айдың әр дүйсенбісі 10.00-12.00 сағ	Тайынша қ. Қазақстан Конституциясының көпесті 197	2-16-65
	Жаров Ерлан Қайырұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың әр дүйсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-29-81
	Әміренов Асан Амангелдіұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың әр сәрсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-27-47
	Батенова Гулбаршын Кахарманқызы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың әр бейсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-14-86
	Абулгазинова Бақыт Бейбітқызы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	әр айдың әр жұма 10.00-13.00 сағ		2-27-00

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536)22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН 2021 ЖЫЛҒЫ 4 ТОҚСАНҒА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Ақтанов Нұрлыжан Жақсылықұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығы
полиция подполковнигі - дүйсенбі, жұма 10.00 сағаттан 12.00 сағатқа дейін.

Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция майоры - сейсенбі, бейсенбі 10.00 сағаттан 12.00 сағатқа дейін.

Ыбыраев Дәурен Мәуліұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - сәрсенбі, сенбі 10.00 сағаттан 12.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қайрат Серікбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі, 10.00 сағаттан 12.00 сағатқа дейін, бейсенбі 15.00 сағаттан 17.00 сағатқа дейін.

Нұрахметов Марат Әмірханұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясат жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - сейсенбі, жұма 10.00 сағаттан 12.00 сағатқа дейін.

ПБ бастығына 10-62, 22-8-75 телефондары арқылы қабылдау жүргізіледі.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Ағымдағы жылдың 8 қазанында сағат 11-00-де «Nur Otan» партиясының ғимаратында жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті сегізінші сессиясы өтеді.

Күн тәртібінде:1.Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 418 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2021 - 2023 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

2.«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы»Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 56 шешіміне өзгерістер енгізу туралы; 3. Әртүрлі.

ҚҰРМЕТТІ ЧКАЛОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Дана адамдар айы қарсаңында ең шынайы денсаулық тілегін, көп жылғы, адал еңбегі үшін алғыс сөздерін қабыл алыңыздар! Сіздер біздің ауылдық округіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына баға жетпес үлес қостыңыздар. Сіздер біздің қоғамымыздың адамгершілік құндылықтарының сақтаушысы болып табыласыздар. Сіздерге тағзым етеміз және шын жүректен рахмет! Сізге және сіздің жақын адамдарыңызға денсаулық пен амандық тілейміз!

Чкалов ауылдық округінің ардагерлер кеңесі.

АРДАГЕР ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ




Казенова Асыл Ташенқызы ұстаздық еңбек жолын 1971 жылы Чермошнян орта мектебінде неміс тілі мұғалімі болып бастады. Бүгінгі таңда педагогика саласында 47 жыл еңбек өтілі бар маман Красноармейск ауданындағы білім беру ұйымдарында мұғалім болып істеді. 1984 жылы Қызылту ауданының білім бөлімінде әдіскер-инспектор, куратор болып, ал 1998 жылдан бастап

Тайынша қаласындағы білім беру ошақтарында қызмет етті. Тайынша қаласындағы №5 орта мектебінде 17 жыл қызмет атқарған ол басқа да қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Әртүрлі жылдары Асыл Ташенқызы Құрмет грамотасымен, облыстық комсомол комитеті және комсомол аудандық комитетінің марапаттарын иеленіп, ҚР Министрінің құрмет грамотасымен, Тайынша ауданы бөлімінің алғыс хаттарымен, Тайынша аудан әкімі аппаратының дипломымен марапатталды. Ұстаздың есімі "Лучшие в образовании" халықаралық энциклопедиясына енгізілді.

Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек еткен ардагер ұстаз Асыл Ташенқызына қарап кейінгі ұрпақ бой түзейді. Тайынша қаласының №5 орта мектебінің ұжымы Сізге ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз!

Барлық мемлекеттік органдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге, бизнес қауымдастығы өкілдеріне және жастарға, «Қарияларға қамқорлық, жақсылық пен мейірім» айлығы акциясына қатысуға ҮНДЕУ Құрметті достар!

1990 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы 1 қазан «Халықаралық қарттар күні» деп жариялады. Содан бері жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарияларға қамқорлық, жақсылық пен мейірім» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.



Мемлекет оларға көрсетілетін көмек көлемін, тіпті экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлерін көбейтуге байланысты қабылданған шаралар Қазақстанды - ТМД елдерінің арасындағы жоғарғы зейнетақы төлеу деңгейіне көтерді. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар да бар. Әлемді жайлаған пандемия біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде. Жасы ұлғайған шағында кейбір қариялар жылудық пен мейірімге, көмекке зәру. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», бір жұдырықтай жұмыла қимылдап елдігімізді көрсетейік. Ардагерлерімізді ардақтап, оларды қашанда, қамқорлық аясынан тыс қалдырмау, Елбасының сөзімен айтқанда, «Қарияларымыз - халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың қадірлі қазынасы». Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, жүрегі жомарт ізгі ниетті барлық адамдарды аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұмытпауға, ардагерлерімізге деген қамқорлыққа, қолдауға шақырамыз! Ол үшін өздеріңіз тұратын өңірдегі жергілікті әкімдіктермен, ардагерлер ұйымдарымен байланыста, көмекке зәру, егде адамдарға мейіріммен, материалдық және моральдық жағынан көмек беруге өз үлестеріңізді қосады деп сенеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс 318. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:
8 (715 36) 2-36-96
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнамаңыз, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.